

УДК 612;57.034

<sup>1</sup>Б.А. Үсіпбек\*, <sup>1</sup>Т. Артыққызы, <sup>1</sup>Н.Т. Аблайханова, <sup>2</sup>А.В. Грицай<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.<sup>2</sup>Шығыс халық медицина орталығы – Қытай медицинасы, Қазақстан, Алматы қ.

\*e-mail: 119boti@mail.ru

### Адам ағзасындағы эндокриндік бездер мен энергетикалық орталық байланыстылығының өзгерістерін зерттеу

Эндокриндік бездер – тек қана физиологиялық жүйе ғана емес, ол секрецияларды қамтасыз етумен қатар ағзаның гуморальды реттелуін қадағалайды. Энергетикалық орталық адам ағзасының қоршаған ортамен белгілі бір дәріл жиіліктерінде жұмыс істейтін арнайы каналдар арқылы энергия алмасуын реттейді. Эндокриндік бездер мен энергетикалық орталық бір-бірімен өте тығыз байланысты.

**Түйін сөздер:** эндокриндік бездер, чакра, биоэнергетикалық өріс.

Б.А. Усипбек, Т. Артыккызы, Н.Т. Аблайханова, А.В. Грицай

#### Изучение изменения связанности

#### эндокринных желез энергетических центров в состоянии организма человека

Эндокринные железы — не просто физиологическая система, обеспечивающая секрецию и отвечающая за гормональный фон человека. Эндокринные системы и энергетические центры очень связаны. Энергетические центры связывает организм человека специальными каналами и регулирует энергетический обмен.

**Ключевые слова:** эндокринные железы, чакра, биоэнергетическое поле.

B.A. Usipbek, T. Artykkyzy, N.T. Ablayhanova, A.V. Gritsay

#### Study of change connectedness hemadens of power centers in the states of organism of man

Endocrine glands – not just a physiological system that provides and is responsible for the secretion of hormones person. Endocrine system and energy centers are very connected. Energy centers connects the human body with special channels and regulates energy metabolism.

**Key words:** endocrine glands, chakra, bioenergy field.

Адам – күрделі энергоақпараттық жүйе. Биоөріс – адам қалыпты жағдайының индикаторы, ол адамның физикалық күйінің ақпаратын құрайды. Биоөрісте ауытқулар болуы мүмкін. Осы ауытқулар арқылы сау және ауру адамдардың организмдегі биоөріс жағдайын анықтауға болады. Алғашқы кезеңде биоөрістің бұзылуы байқалса, ал екінші кезеңде – мүшелерде ауру пайда болады. Адамның биоөрісінің мөлшерінің ағыны жұмыртқа/шар/ұқсас болады. Ол адамның басынан жоғарырақ орналасып, ол жерге дейін ағып шашырап тұрады. Адамның бірқалыпты биоөрісі, оның денесінен бөлініп шығуына байланысты, толқын тәрізді кейде азайып немесе көбейіп / күшейіп / тұрады [1].

Адамның биоөрісінің өзіне тән анатомиясы мен физиологиясы болады. Биоөрістің негізгі энергетикалық органдары энергетикалық орталықтар болып табылады, олардың кеңінен тараған атауы «чакралар». Басты энергетикалық орталықтар немесе чакралар адамда жетеу, олардың негізгі міндеті – адам ағзасының қоршаған ортамен белгілі бір дәріл жиіліктерінде жұмыс істейтін арнайы каналдар арқылы энергия алмасуын қолдау. Әр чакраның дәріл жиілігін адамдардың көпшілігі сезім органдарымен сезе алмайды, бірақ дәл осы каналдар арқылы адамның ғаламдардағы барша тіршілікпен негізгі байланысы орнатылады. Негізгі чакраларға бағынатын, көмекші жеке

жұмыстарды атқаратын көмекші чакралар да болады. Сондықтан да егер негізгі чакралар қалыпты жұмыс істейтін болса, адам ағзасының қалыпты екеніне сенімді болу керек [2, 3].

Негізгі жеті чакраның орталықтары омыртқалар арқылы өтетін тәннің өстік сызығының бойында орналасқан, тек шеткі екі – бірінші және жетінші чакра ғана тәннің алдыңғы және соңғы бөліктерінде шоғырланады. Яғни, энергетикалық орталықтар эндокриндік жүйемен тығыз байланысты (кесте 1) [4].

Эндокриндік жүйе — ағзаның гуморальды реттелуінде маңызды рөл атқарады. Бұл жерде гуморальды реттелу дегеніміз – қанның құрамындағы гормондар және минералдық заттардың әсерлері арқылы организм қызметінің реттелуі. Ол ағзаның ішкі ортасына арнаулы биологиялық белсенді заттарды бөліп шығарады. Ішкі секреция бездері шығарған заттар гормон деп аталады. Бездер бөлген гормондар қанның ағысымен ішкі мүшелерге және мүшелер жүйелеріне келіп, олардың жұмысына әсер етеді.

Организмде бездерді үш топқа бөледі:

1. Сыртқы секреция бездері (бауыр, сілекей, ұйқы және ішек бездері);

2. Ішкі секреция бездері (гипофиз, эпифиз, қалқанша без, қалқанша маңы бездері, тимус, бүйрек үсті бездері);

3. Аралас секреция бездері (жыныс бездері, ұйқы безі) [5].

Энергетикалық орталықтар дәлме-дәл эндокриндік бездер бойында орналасқан. Олар бір-бірімен тығыз байланысты. Чакралар арқылы эндокриндік бездерде болып жатқан ауытқуларды реттеуге болады. Ол фазоаурометр аппараты және белгілі бір жаттығулар арқылы бездердің жұмысын қалыпқа келтіреді. Әрбір чакраның өзінің белгіленген орны мен өзіне тән сипаттамалары: діріл жиілігі, мантра-сы (дыбысталуы чакраның дамуына әсер ететін буын), дыбысталу нотасы, түсі болады. Белгілі бір түстің әсері адам денсаулығына оң әсер береді [6].

Қызыл түс жүйке жүйесін қоздырып, сезімдерді оятады, қан айналысы жүйесінің жұмысын белсенді етіп, жұкпалы ауруларды, радиациялық сәуленің зардаптары мен ультракүлгін күйіктерді емдеуге көмектеседі. Фуксин немесе қызыл анилин бояуы өзінің түсімен эмоцияларды саба-сына түсіріп, қан қысымын қалпына келтіреді,

бүйректер мен бүйрек бездерінің жұмыстарын жақсартады. Алқызыл түс те бүйректер мен бүйрек бездерінің жұмыстарын жақсартады. Ол адамның эмоционалдық деңгейін көтеріп, жыныстық органдардың жұмысын белсенді етеді, қан қысымын көтереді. Қызғылт сары түс өкпе мен бронхылардың сауығуына көмектеседі, қалқанша безі мен асқазанның жұмыстарын жақсартады, тамырлардың тарылуы мен бұлшық еттердің тартылып қалуынан арылтады, сүйектердің өсуіне көмектеседі. Сары түс лимфа тамырларының, қозғалыс және сезім жүйкелерінің, аскорыту жұмыстарын жақсартады, гармондардың түзілуін күшейтеді. Көк түс антиконцерогендік қасиеттерге ие. Әрбір чакра ағзаның белгілі бір органдары мен жүйелерінің психикалық сезімдер жұмысына бақылау жасайды, әр чакра сәйкес келетін ағза жұмысын қамтамасыз етеді. Чакралардың жұмысының бұзылуын ағзаның қандай да бір ауруларынан білуге болады.

Зерттеу нысаны. 21-22 жас аралығындағы 19 студент.

Зерттеу әдісі. Фазоаурометр құралы арқылы адам ағзасының эндокриндік жүйесін және чакрасын зерттеу.


Зерттеу нәтижесі. Студенттердің организмдегі энергоакпараттық жүйелердегі өзгерістерді зерттегенде 2 – кезеңге бөліп қарастырдық. Бірінші кезеңде қалыпты жағдайдағы студент нәтижесі болса, ал екінші кезеңде студентке оның ойы мен сезімі өзгертіндей ақпарат айтылды.

1-ші топтағы студенттердің суретіне келсек, оның чакралары төмен түсіп кеткен, яғни эндокриндік бездері дұрыс жұмыс жасамайды. Мысалы: 1-чакра бүйрекүсті бездері, 2-чакра жыныс бездері, 5-чакра қалқанша және қалқанша маңы бездері, 3-чакра ұйқы безі мүлдем төмендеген (сурет 2).


2-ші топтағы студенттердің ем қабылдағаннан кейінгі нәтижесінде, оның ойы мен сезімі көтерілгенін байқауымызға болады. Яғни, 1-чакра иіс сезу анализаторы, бөліністік және жыныстық жүйелердің көтерілгендігі және бүйрекүсті безінің жақсарғандығын, 2-чакра зәр шығару органдары, тоқ және ащы ішектердің және жыныс бездердің жақсарғандығын, 5-чакра бронхы және дауыс аппараттары, өкпе, жұтқыншақ, қалқанша бездері көтеріліп, жақсарғанын байқауымызға болады. Бұл

**Кесте 1 – Энергетикалық чакралардың негізгі сипаттамалары**


Чакраның атауы, орналасқан жері	Бақылайтын органдары мен жүйелері	Чакра жұмысындағы патологиядан туындайтын аурулар
	Психикалық сенімдерге жауаптылық	
	Жұмыстарды қамтамасыз ету	
<b>1.МУЛАДХАРА (қызыл түсті)</b> Құйымшақ пен шап арасында	1.Иіскеп сезу, бөліністік және жыныстық жүйелер 2.Психикадағы оң және теріс сезімдер 3.Психологиялық тұрақтылық және өзіне деген сенімділік	Қамығу үрей
<b>2.СВАДХИСТАНА (қызыл сары түсті)</b> Кіндіктен 3 см төмен	1.Зәр шығару органдары, тоқ және ащы ішектер 2.Жыныстық 3.Репродуктивті	Ішкі жайсыздық, сексуалдық невроздар
<b>3.МАНИПУРА (сары түсті)</b> Кіндіктен 2 см жоғары (жүйкелердің тоғысқан жері)	1.Асқазан, бауыр, өт қабы 2.Әлеуметтік сезімдер 3.Вегетативтік жүйке жүйесінің жұмысы	Жүйкелердің шоғырланған жеріндегі жергілікті жайсыздық, қорғаныш сезімі
<b>4.АНАХАТА (жасыл түсті)</b> Кеуде деңгейінде	1.Жүрек, қан айналым жүйесі 2.Жоғары адамгершілік аспектілері 3.Оң эмоционалдық көрініс	Күйзелістер, жүрек-қан тамырлары жүйесінің аурулары
<b>5.ВИШУДХА (көгілдір түсті)</b> Мойындағы ойық (мойын омыртқасының 7 деңгейі)	1.Бронхы және дауыс аппараттары, өкпе, жұтқыншақ, қалқанша бездері 2.Шығармашылық және әлеуметтік сезімдер, түйсік 3.Сұлулықты сезіну қабілеті және шығармашылық қабілеттері	Мойынның алдыңғы бөлігіндегі жергілік-ті жайсыздық, жоғарғы эмоционалдық тұрақсыздық
<b>6.АДЖНА (көк түсті)</b> Кеңсіріктен 1 см жоғары	1.Бас миының төменгі бөліктері, сол көз, құлақ, мұрын 2.Зейін 3.Ойлау және ерік-жігер сезімдері	Орталық жүйке жүйесі жұмысының бұзылуы және басқа психикалық аурулар
<b>7.САХАСРАПА (күлгін түсті)</b> Бастың төбесі бас сүйегінің орталығы	1.Мидың жоғарғы бөліктері, оң көз 2.Жоғарғы психика жұмыстары 3.Жоғарғы рухани және түйсік сезімдері	Қабылдау және әлеуметтік сезімдер



**Сурет 1 –** Адам ағзасындағы эндокриндік бездердің және энергетикалық орталықтың орналасуы [7].



Сурет 2 – Қалыпты жағдайдағы (А) және тәжірибеден кейінгі (Б) 21 жастағы қыздардың чакрасының салыстырмалы көрсеткіштері



Сурет 3 – Қалыпты жағдайдағы (А) және тәжірибеден кейінгі (Б) 21 жастағы ұлдардың чакрасының салыстырмалы көрсеткіштері

адамның тұрақтылығы және өзіне деген сенімділік чакраларға энергетикалық күштің жіберілуінен олар бірден көтеріліп, қалыпты жағдайға орнықты (сурет 3).

Адамның биоөрістік қуаттары оның тірегі, тіршілігінің қайнар көзі және атқаратын денелік қорек көзі болып табылады. Адамның денелік биоөрісі оң және теріс зарядтық бірлестіктерінің тепе-тең болуынан құралғандықтан, биоөріс қуаты тәнінің саулылығын білдіреді. Ғылыми анықтамалар бойынша, осы биоөрісті құрайтын екі зарядтың біреуі артып немесе кемісе, адам-

ның ағзаларында қуаттық жетіспеушілік, оның ағзалық сырқаттарға ұшырайтыны анықталған.

Қорыта келгенде, чакралар қызметтерінің нашарлауы салдарынан денедегі биоөріс қуатының тепе-теңдігінің бұзылады да, адамның кейбір жеке мүшелері мен ішкі мүшелердің талшықтарының қызметі нашарлап сырқатқа ұшырайды немесе денеде әлсіздік пайда болады. Бұндай құбылыстардың нақтылы себеп-салдарын анықтау медицина ғылымына ғана тәуелді болмайды. Оның өрісі кең, зерттейтін саласы да мол.

**Әдебиеттер**

- 1 Васильева Т. Биоэнергетика. – Москва: Амрита-рус, 2001. – 281 с.
- 2 Розов С. Учебник по биоэнергии. – Москва: Олма, 2002. – 160 с.
- 3 Красавин О. А. Биоэнергетика здоровья человека. – Москва: Диля, 2004. – 256 с.
- 4 Қожалымов З. Ғаламның жұмбақ сырлары. – Алматы: Шалкөде, 2010. – 749 б.
- 5 Иванов К. П. Агрессивная лженаука // Вестник РАН, 2002, N1. – С. 30.
- 6 У Вэй Син. Энциклопедия Китайской медицины . Целительная сила природы. II том, Издательский Дом «Нева», 2005.— 122 с: ил.ISBN 5-7654-4299-4
- 7 А.М. Төлеусаринов, Г.И. Дүйсенғалиева, Қ. Құнанбай, С.Т.Төлеуханов, М.С.Төлеусаринова Шығыс медицинасы, Алматы, «Қазақ университеті» баспасы, 2007 жыл,- 27-38 с.

**Reference**

- 1 Vasileva T. Bioenergetika. – Moskva: Amrita-rus, 2001. – 281 s.
- 2 Rozov S. Uchebnik po bioenergii. – Moskva: Olma, 2002. – 160 s.
- 3 Krasavin O. A. Bioenergetika zdorovya cheloveka. – Moskva: Dilya, 2004. – 256 s.
- 4 Қожалымов З. Ғаламның жұмбақ сырлары. – Алматы: Шалкөде, 2010. – 749 б.
- 5 Иванов К. П. Агрессивная лженаука // Вестник РАН, 2002, N1. – С. 30.
- 6 У Вэй Син. Энциклопедия Китайской медицины . Целительная сила природы. II том, Издательский Дом «Нева», 2005.— 122 с: ил.ISBN 5-7654-4299-4
- 7 А.М. Toleusarinov, G.I. Duysengalieva, K. Kunanbay, S.T.Toleuhanov, M.S.Toleusarinova Shyigyis meditsinasyi, Almatyi, «Kazak universiteti» baspasyi, 2007 zhyil,- 27-38 s.